

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидаларын бекiту туралы

Күшiн жойған

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкiмдiгiнiң 2014 жылғы 18 қыркүйектегi № 251 қаулысы. Қостанай облысының Әдiлет департаментiнде 2014 жылғы 9 қазанда № 5113 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 18 маусымдағы № 87 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкiмдiгiнiң 18.06.2015 № 87 қаулысымен (қол қойылған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi).

«Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және «Мемлекеттiк мүлiк туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына, Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 «Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы» қаулысына сәйкес Қамысты ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берiлiп отырған Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары **б е к i т i л с i н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Аудан әкiмi

Ж. Бисимбаев

Әкiмдiктiң

2014 жылғы 18 қыркүйектегi

№ 251 қаулысымен бекiтiлген

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру

кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары

Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттiк тұрғын емес қор объектiлерiнiң 1 шаршы метрiн пайдалану үшiн жылдық жалдау ақысының базалық мөлшерлемесi 1 айлық есептiк көрсеткiштi құрайды.

1. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * K_3 * S, \text{ мұндағы:}$$

Жа – мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм - базалық мөлшерleme;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Қамысты ауданы	1,6

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_2
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \text{ мұндағы:}$$

Жн - құрал-жабдықтарды автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдақ жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациондық төлемдердің сомасы;

БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру

м ө л ш е р л е м е с і .

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрған емес қоры үшін:

$$Ж = S * Б_m * K_1 * K_2 / ЖУ * N, \quad \text{мұндағы:}$$

Ж – жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

S – ауданы (шаршы метр);

Б_m – базалық мөлшерлеме

K₁ - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K₂ - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттар үшін:

$$Ж = (Ж_n / ЖУ) * N, \quad \text{мұндағы:}$$

Ж – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Ж_n – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау ақысы;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.